

|                                                                                   |                                                                                                                                                                            |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | <p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br/>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br/>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br/>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br/>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p> | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                            | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <p><u>Ереже</u><br/>нормативтік құжат түрі</p>                                                                                                                             | 11 беттің 1-ші<br>беті |

## АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

Алматы  
2026 ж.

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |  |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ |  | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |  | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | Ереже<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                 |  | 11 беттің 2-ші<br>беті |

## КІРІСПЕ

- |                                               |                                                                                                                                                  |
|-----------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>1. ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ</b>            | ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Академиялық мәселелер қызметі                                               |
| <b>2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ</b> | ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен 2026 жылғы «29» қаңтардағы № 7 хаттама № 4 баспа |
| <b>3. ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ</b>  | 2023 жылғы 23 ақпандағы № 3 редакцияның орнына                                                                                                   |
| <b>4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ</b>                    | 3 жыл                                                                                                                                            |

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <u>Ереже</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                          | 11 беттің 3-ші<br>беті |

## МАЗМҰНЫ

|                                                                     |    |
|---------------------------------------------------------------------|----|
| 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....                                              | 4  |
| 2. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ҚҰРАМЫ.....                  | 4  |
| 3. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ НЕГІЗГІ<br>ФУНКЦИЯЛАРЫ.....  | 5  |
| 4. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ МІНДЕТТЕРІ....               | 5  |
| 5. АКАДЕМИЯЛЫҚ САПА ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕСТІҢ ҚЫЗМЕТІН<br>ҰЙЫМДАСТЫРУ..... | 6  |
| 6. ӨКІЛЕТТІКТЕРІ МЕН МІНДЕТТЕРІ.....                                | 6  |
| 7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР.....                                          | 7  |
| 8. 1 ҚОСЫМША. ЖОСПАР НЫСАНЫ.....                                    | 8  |
| 9. 2 ҚОСЫМША. ЕСЕП ЫСАНЫ.....                                       | 9  |
| 10. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ.....                                              | 10 |
| 11. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ.....                                              | 11 |

|                                                                                   |                                                                                                                                                                            |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | <p>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br/>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br/>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br/>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br/>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</p> | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                            | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <p><u>Ереже</u><br/>нормативтік құжат түрі</p>                                                                                                                             | 11 беттің 4-ші<br>беті |

«Бекітілді»

ҚР МАМ «Т. Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ  
Ғылыми кеңесінің шешімімен  
Ғылыми кеңес төрағасы  
 А. Жудебаев  
№ 7 хаттама 2026 жылғы «29» қаңтар

## 1. Жалпы ережелер

- Осы Ереже жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – Академия) академиялық сапа жөніндегі кеңесінің (бұдан әрі – АСЖК) мәртебесін, мақсаттарын, функцияларын, қалыптастыру тәртібін және қызметін ұйымдастыруды айқындайды.
- Академиялық сапа жөніндегі кеңес білім беру бағдарламалары мен білім беру процесінің академиялық сапасын қамтамасыз ету және дамыту мақсатында құрылатын алқалы сараптамалық-талдамалық орган болып табылады.
- АСЖК өз қызметінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерін, Академия жарғысын, академиялық саясатты және ЖОО-ның өзге де жергілікті нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.
- АСЖК өз қызметін осы Ереже негізінде жүзеге асырады.
- АСЖК академиялық сапа мәселелері бойынша өз өкілеттіктері шегінде Академияның алқалы органдарымен және құрылымдық бөлімшелерімен олардың функцияларын алмастырмай, өзара іс-қимыл жасайды.

## 2. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің құрамы.

- Академиялық сапа жөніндегі кеңес төраға, мүшелер және хатшы құрамында құрылады.
- АСЖК құрамына білім беру бағдарламаларын іске асыру тәжірибесі бар профессорлық-оқытушылық құрам өкілдері кіреді және академиялық сапаны қамтамасыз етуге қатысады. Кеңестің құрамын қалыптастыру кезінде тәжірибе мен сабақтастық үйлесімділігі қамтамасыз етіледі.
- Академиялық сапа жөніндегі кеңес құрамына оқытушылар, білім алушылар, Академияның әкімшілігі мен оның құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері кіреді. талданатын білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға тікелей қатыспаған және мүдделер қақтығысы болмаған жағдайда, білім беру бағдарламаларын іске асыру және академиялық сапаны қамтамасыз етуге қатысу тәжірибесі бар оқытушылар енгізіледі. АСЖК келесі деңгейлерде құрылуы мүмкін:

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | Ереже<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                 | 11 беттің 5-ші<br>беті |

- 1) құрылымдық бөлімше деңгейінде;
- 2) жалпы жоғары оқу орындары кафедрасы деңгейінде;
- 3) екі-үш туыстық құрылымдық бөлімшелер үшін біріктірілген Академиялық сапа жөніндегі кеңес форматында.
9. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің саны тақ санда қалыптасады және әдетте 5-тен 11 адамға дейін болады.
10. АСЖК төрағасы мен мүшелерінің кандидатуралары Академияда белгіленген тәртіппен қалыптасады және бір оқу жылы мерзіміне бекітіледі.

### **3. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің негізгі функциялары.**

11. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің негізгі функциялары:
  1. білім беру бағдарламалары мен білім беру процесінің академиялық сапасын қамтамасыз ету;
  2. оқу және оқу-әдістемелік құжаттаманың білім беру бағдарламаларының, академиялық саясаттың және нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкестігін талдау;
  3. білім беру бағдарламаларын іске асырудың мазмұны мен шарттары мәселелерін қарау және оларды жетілдіру жөнінде ұсынымдар әзірлеу;
  4. білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау саясаты мен рәсімдерін талдау;
  5. білім беру процесінде академиялық адалдық принциптерінің сақталуын бақылау;
  6. білім алушылардың мониторингі, сауалнамасы және сапаны қамтамасыз етудің өзге де құралдары негізінде білім беру процесінің сапасын талдау;
  7. академиялық сапа мәселелері бойынша сараптамалық қорытындылар мен ұсыныстар жасау.

### **4. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің міндеттері.**

12. Жүктелген функцияларға сәйкес Академиялық сапа жөніндегі кеңес келесі міндеттерді жүзеге асырады:
  1. оқу және оқу-әдістемелік құжаттаманың білім беру бағдарламалары мен оқу нәтижелеріне сәйкестігін қарау және талдау;
  2. білім беру бағдарламаларын әзірлеу және өзектендіру мәселелерін талдау және талқылауға қатысу;
  3. бағалау материалдары мен бағалау процедураларын объективтілік, ашықтық және академиялық адалдық принциптерінің сақталуы тұрғысынан талдау;
  4. Академияда белгіленген тәртіппен академиялық адалдық принциптерінің сақталуын қарау;

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <u>Ереже</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                          | 11 беттің 6-ші<br>беті |

5. мониторинг құралдары мен білім алушылардың кері байланысын пайдалана отырып білім беру процесінің сапасын талдау;
6. академиялық сапаны жетілдіру бойынша сараптамалық қорытындылар мен ұсыныстар дайындау.

### **5. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің қызметін ұйымдастыру**

13. АСЖК қызметі академиялық саясат пен сапаны қамтамасыз ету міндеттерін ескере отырып әзірленетін жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жылының қорытындысы бойынша Академиялық сапа жөніндегі кеңес өз қызметі туралы аналитикалық есеп дайындайды. Жұмыс жоспары мен есептің ұсынылатын нысандары осы Ереженің қосымшаларында берілген.

14. АСЖК отырыстары қажет болған жағдайда, бірақ кемінде бір семестрде бір рет өткізіледі.

15. АСЖК шешімдері хаттамамен рәсімделеді және ұсыныс сипатында болады.

### **6. Өкілеттіктері мен міндеттері.**

#### **6.1. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасы.**

16. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің төрағасына келесі міндеттер жүктеледі:

- 1) Кеңестің қызметін ұйымдастыру және үйлестіру;
- 2) Отырыстардың күн тәртібін қалыптастыру және материалдардың дайын болуын қамтамасыз ету;
- 3) АСЖК жұмыс жоспарын іске асыруды қамтамасыз ету;
- 4) Белгіленген тәртіппен аналитикалық материалдар мен ұсыныстарды ұсыну;
- 5) Академиялық сапа мәселелері бойынша АСЖК мен басқа алқалы органдар мен құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара іс-қимылды үйлестіру.

#### **6.2. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің мүшелері.**

17. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің мүшелері:

1. академиялық сапа мәселелерін қарау және талқылауға қатысады;
2. оқу, оқу-әдістемелік және бағалау материалдарын талдайды;
3. сараптамалық қорытындылар мен ұсыныстарды қалыптастыруға қатысады;
4. академиялық адалдық мәселелерін қарауға қатысады;
5. білім сапасы саласындағы аналитикалық және мониторингтік іс-шараларға қатысады.

#### **6.3. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің хатшысы.**

18. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің хатшысы кеңестің қызметін ұйымдастыру және құжаттық қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <u>Ереже</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                          | 11 беттің 7-ші<br>беті |

атқарады, соның ішінде отырыстарға материалдарды дайындау, хаттамаларды рәсімдеу және құжаттарды жүргізу.

Хатшы кеңестің шешімдерін қабылдауға қатыспайды.

## 7. Қорытынды ережелер.

19. Академиялық сапа жөніндегі кеңестің қызметі оның өкілеттіктері шегінде жүзеге асырылады және Академияның басқару органдары мен құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын алмастырмайды.

20. Осы Ереже, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар, егер бұйрықта өзгеше белгіленбесе, Академия басшысының бұйрығымен бекітіледі және бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

**Академиялық мәселелер  
жөніндегі қызметінің басшысы**

*Handwritten signature*

**Г.Б. Әбдірахман**

|                                                                                   |                                                                                                                                                                                        |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | <b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br/>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ</b><br><b>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br/>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ</b><br><b>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ</b> | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                                        | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <u>Ереже</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                                 | 11 беттің 8-ші<br>беті |

## 1 Қосымша. Жоспар нысаны

**Академиялық сапа жөніндегі кеңестің \_\_\_\_\_ оқу жылына  
арналған жұмыс жоспары**

| № | Қызмет бағыты                          | Қарауға / талдауға<br>арналған сұрақтар                                                     | Жұмыс форматы<br>(отырыс, талдау,<br>талқылау) | Жоспарланған<br>нәтиже |
|---|----------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------|------------------------|
| 1 | Оқу-әдістемелік<br>құжаттама           | Силлабустар мен<br>оқу-әдістемелік<br>кешендердің оқу<br>нәтижелеріне<br>сәйкестігін талдау | АСЖК отырысы                                   | Ұсыныстар              |
| 2 | Білім беру<br>бағдарламалары           | ББ іске асыру мен<br>өзектендіруді<br>талдау                                                | Аналитикалық<br>талқылау                       | Қорытынды              |
| 3 | Бағалау                                | Бағалау<br>процедуралары мен<br>критерийлерін<br>талдау                                     | Материалдарды<br>карау                         | Ұсыныстар              |
| 4 | Академиялық<br>адалдық                 | Процедуралардың<br>сақталуын талдау                                                         | Талқылау                                       | Кеңестер               |
| 5 | Білім<br>алушылардың<br>кері байланысы | Сауалнама<br>нәтижелерін талдау                                                             | Талдамалық<br>анықтама                         | Қорытындылар           |
| 6 | Өзге де<br>мәселелер                   | Қажет болған<br>жағдайда                                                                    | АСЖК шешімі<br>бойынша                         | Кеңестер               |

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                        |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026        |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.          |
|                                                                                   | <u>Ереже</u><br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                          | 11 беттің 9-ші<br>беті |

## 2 Қосымша. Есеп нысаны

### Академиялық сапа жөніндегі кеңестің қызметі туралы есеп \_\_\_\_\_ оқу жылы үшін

#### 1. Жалпы ақпарат

- кеңес құрамы;
- отырыстар саны;
- есепті кезеңде қаралған негізгі мәселелер.

#### 2. Жұмыстың негізгі бағыттары

Әр бағыт бойынша талдамалық қызметтің қысқаша сипаттамасы:

- оқу-әдістемелік құжаттама;
- білім беру бағдарламалары;
- бағалау;
- академиялық адалдық;
- білім алушылардың кері байланыс нәтижелері.

#### 3. Негізгі қорытындылар мен ұсыныстар, анықталған күшті жақтар

- проблемалық аймақтар;
- академиялық сапаны жетілдіру бойынша ұсыныстар.

#### 4. АСЖК қызметінің SWOT-талдауы





- **S (Strengths)** – күшті жақтары;
- **W (Weaknesses)** – әлсіз жақтары;
- **O (Opportunities)** – мүмкіндіктер;
- **T (Threats)** – тәуекелдер.

#### 5. Итоговые предложения для факультета / Академии;

- АСЖК жұмысын жетілдіру бойынша ұсыныстар.

|                                                                                   |                                                                                                                                                                 |                         |
|-----------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------|
|  | ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ<br>ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ<br>ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ<br>ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ<br>РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ | П 017-1.63-2026         |
|                                                                                   |                                                                                                                                                                 | 29.01.2026 ж.           |
|                                                                                   | Ереже<br>нормативтік құжат түрі                                                                                                                                 | 11 беттің 10-ші<br>беті |

## КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

|                                                                           |                                                                                      |                |
|---------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|----------------|
| <b>Әзірленді:</b>                                                         |                                                                                      |                |
| Академиялық мәселелер<br>жөніндегі қызмет басшысы                         |    | Г. Әбдірахман  |
| <b>Келісілді:</b>                                                         |                                                                                      |                |
| Оқу және оқу-әдістемелік<br>жұмыс жөніндегі проректор                     |    | Ш. Ергөбек     |
| Ғылыми жұмыс жөніндегі<br>проректор                                       |    | Қ. Халықов     |
| Оқу-әдістемелік бөлімінің<br>басшысы                                      |     | А. Вырахманова |
| Ғылыми кадрларды даярлау<br>бөлімінің басшысы                             |     | А. Кульшанова  |
| Стратегиялық жоспарлау<br>және сапаны қамтамасыз ету<br>бөлімінің басшысы |  | А. Молдабаева  |
| Заң бөлімінің басшысы                                                     |   | О. Тлегенова   |

11 беттің 11-ші  
беті

## ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

[illegible]